

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

3

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2015

МАМЫР
МАЙ
MAY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і :

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

POLITICAL TECHNOLOGIES: ESSENCE AND TYPES

R. B. Absattarov

Kazakh national pedagogical university named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Keywords: politics, technology, essence, type, methods, techniques.

Abstract. The article considers topical issues of modern political technologies through their essence and types. As we know, the term "political technologies" was widely used in political science and related scientific fields in the late 20th and early 21st century, when evaluating the transformation of modern society. It includes a set of methods, techniques, and procedures for influencing people to change their thinking, beliefs, mood and behavior. In order to systematically and purposefully implement, in concrete terms, important political and social goals.

In this regard, modern Kazakhstan can serve as a good example of the use of political technologies, which contributed to the establishment of statehood that brought the country out of severe economic depression after the collapse of the Soviet Union. Gaining consolidation of Kazakh society, through the resolution of the main political and economic challenges that existed at independence.

The article reveals the essence of political technologies through the identification and use of potential of the "human resource" in accordance with the purposes and meaning of human existence. Represented through a multitude of methods, procedures, operations, techniques, and all modern possibilities of creative activity as subjects of governance and political institutions; as well as the unfolding, in space and time, the interaction between subject and the object of management. Particular attention is paid to the analysis of types of political technologies in the context of the political process. Controversial issues are highlighted as well.

УДК 32.019.5

САЯСИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Р. Б. Әбсәттаров

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: саясат, технология, мән, түр, әдіс, амал.

Аннотация. Мақалада қазіргі саяси технологиялардың мәні мен түрлері арқылы оның өзекті мәселелері қарастырылады. «Саяси технологиялар» термині саясаттану және онымен іргелес ғылыми бағыттарда ХХ ғасырдың аяғында және ХХІ ғасырдың басында, яғни қазіргі заманғы қоғамның түбегейлі өзгерісі жағдайында кеңінен қолданыла бастағаны белгілі. Ол нақты мерзімде маңызды саяси және әлеуметтік міндеттерді жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асыру және қажетті саяси-әлеуметтік мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін адамдардың ойлауын, сенімін, көңіл-күйі мен тәртібін өзгерту мақсатында ықпал етудің әдістері мен тәсілдері, техникалары, амалдары мен процедуралар жиынтығын қамтиды.

Осы орайда қазіргі Қазақстан мемлекеттіліктің қалыптасуына, Кеңестер Одағы ыдырағанынан кейін, елді қиын экономикалық дағдарыстан шығаруға және тәуелсіздік алуға, негізгі саяси және экономикалық міндеттерді орындауда қоғамның бірігуіне ықпал еткен саяси технологияларды қолданудың көрнекі мысалы бола алады.

Мақалада адамның өмір сүруінің мәні мен мақсатына сәйкес «адам ресурсының» әлеуетін анықтау және пайдалану негізінде және басқару субъектілерімен қатар саяси институттардың да шығармашылық іс-әрекетінің бүгінгі таңдағы барлық мүмкіндіктерінің ықпал ету әдістері мен тәсілдері, амалдары мен процедуралар жиынтығы, сонымен бірге басқару субъектісі мен объектісінің өзара әрекет етуінің кеңістік пен уақытта көрініс табуы арқылы саяси технологиялардың мәні айқындалады. Саяси технологиялардың түрлерін саяси үдерістер құрамында талдауға ерекше мән берілген. Сонымен қатар, пікірталас тудыратын сұрақтарға да көңіл бөлінген.

Саяси технологиялар проблемасы саяси ғылымда ең аз зерттелген деуге болады. Саяси өмірде теориялық ілімді, қағидаларды білу ғана маңызды емес, сонымен бірге саясат іс жүзінде қалай, қандай әдіс-тәсілдермен, қандай технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатынын білудің де мәні зор. Осыған байланысты кез келген құрылымы күрделі қоғам мен мемлекеттегі нақты саяси процестердің көп қырлылығын [1] атап айтуға болады. Осы көп қырлы процестерді зерттеуде саяси технологиялар маңызды рөл атқарады.

Саяси технологиялар саяси жобалаумен – билік институтының іс жүзіндегі қызметін ұйымдастыру ісімен, оны жорамалдаумен, жоспарлаумен, бағдарлама жасаумен айналысады. Міне, сондықтан да саяси технологиялардың көмегімен биліктің жаңа мағынасы мен мәнін айқындауға болады. Саяси технологиялар саяси оқиғаларды айқындау проблемасын жаңаша қояды, саяси құбылыстарды реттеу, бақылау жөніндегі мамандандырылған қызмет үшін негіз қалайды. Саяси процестерді түсінудің айрықша ресурсын жасай отырып, саяси технологиялар бұл құбылыстың мәні қайсыбір міндеттерді шешудің қолданылып отырған әдістеріне тікелей байланысты екендігін көрсетіп беріп отыр. Мәселен, жаппай өсек-аяң, жалған ақпарат тарату, белгілі бір партияның өкілдерін телеэфирге шығармау, билік органдарының қалыптасу процесінің өңін айналдырып, азаматтардың өз өкілдерін ерікті түрде таңдауының орнына бұқаралық ақпарат құралдарының бақылауындағы ерік-мүдделерді таңдауға дейін жеткізетіні сөзсіз.

Саяси технологияларды қолданудың негізгі пафосы әртүрлі субъектілердің өз міндеттерін орындауларын оңтайландыруда екенін айтқан жөн. Саяси технологиялар ресурстарды тарту мен үнемдеуге, мемлекеттегі жағдайды тұрақтандыруға немесе тұрақсыздандыруға, сайлау науқандарын ұйымдастыруға, мемлекеттік бағдарламаларды жасау кезінде мүдделерді ойластыруға қатыса алатын субъектілердің мүдделеріне, функциялары мен мақсаттарына сәйкес көзделген мақсатқа функционалды түрде бағытталады [2].

Әдетте, саяси технологиялардың қалыптасуының қажеттігі қайталанып отыратын ситуациялар, тіпті стереотиптік жағдайлар мен іс-әрекеттер орын алған кезде көрініс береді. Мақсатты түрде бағытталған қызметтің әдістері мен процедурасының жиынтығы ретінде көрініс беретін саяси технологиялар мақсатқа жетудің құралын реттеп қана отырмайды, сонымен бірге іс-әрекеттің кезектілігін, саяси субъектілердің мінез-құлқының тиісті алгоритмін жасауды да бекіте түседі. Іс жүзінде саяси технологиялар субъектілер мен объектілердің өзара қарым-қатынастарының сан түрлі әдістері мен механизмдерінен, контрагенттердің өзара іс-әрекетінен, сыртқы және ішкі факторлардан қалыптасатынын айтқан жөн. Бұл мәселелерді дұрыс түсіну үшін, ең алдымен саяси технологиялардың мәні мен түрлерін анықтау қажет. Ғылыми әдебиеттерде бұл проблема жете зерттелмеген.

Осыған байланысты, қазақстандық саяси ғылымда саяси технологиялардың мәні мен түрлері зерттелмегенін айта кеткен жөн. Әрине, бір ғана мақалада бұл проблеманың барлық мәселелерін қарастыру мүмкін емес екенін айта отырып, мен саяси технологиялардың мәні мен түрлерінің тек кейбір аспектілерін ғана қарастырамын.

Саяси технологиялар – бұл әлеуметтік технологиялардың әр түрлілігі ғана емес [3], «саяси технологиялар» ұғымы – мақсаттылықтың, бір ізділіктің, қажетті, ойластырылған саяси нәтижелерге негізделген белгілі тиімді іс-әрекеттердің жүйесі екендігі де сөзсіз.

Менің пікірімше, «саяси технология» және «саясаттағы технология» ұғымдарын бір-бірінен ажырата қараған жөн. Соңғы ұғым көбінесе саяси компоненттерді ғана емес, сонымен қатар алға қойылған саяси мақсаттарға жетуге көмектесетін ұйымдық, дипломатиялық, әскери, қаржылық, ақпараттық, психологиялық, манипуляциялық, компьютерлік және басқа да формалар мен әдістердің кең спектрін де қамтиды. Ал, «саяси технологиялар» бір жердің шеңберінен аспайтын, тез арада жүзеге асырылатын қысқа мерзімдік нәтижелерге (тактикалық) жетумен бірге, ұзақ мерзімге есептелген тиімділікке стратегиялық қол жеткізуді де қамтиды. Қайсыбір саяси технологияларды болмасын, пайдалану саяси басқарудың тиімділігін, саяси процестерді реттеуді, саяси жүйелер мен барлық саяси кеңістіктің тұрақтылығын айқындайды. Саяси технологиялар көп ретте қоғамдық дамудың түріне, режимнің сипатына қарай анықталады [4].

Саяси технологиялардың құрылымы аналитикалық мақсатты жорамалдаудың және одан арғы жерде оның қызметін жекелеген кезеңдерге, сатыларға, операцияларға бөлудің, сондай-ақ балама, тиімді әдістерді, жүзеге асырылатын мақсатқа байланысты олардың құралдары мен қолданылуын

іріктеп, таңдап алудың көмегімен жүзеге асырылады. Көптеген жағдайларда осы заманғы саяси органның проблемалық алаңы саяси технологияларды талдап жасап, іске асырудың бірқатар кезеңдерінің болуымен анықталады. Олардың қатарына жататындар мыналар: әлеуметтік саяси жағдайлардың диагностикасы мен мониторингі; нақты саяси технологиялардың көмегімен қол жеткізілетін мақсаттар мен міндеттердің алға қойылуы; алға қойылған мақсаттарды жүзеге асырудың мүмкін варианттарын салыстырмалы талдау және т.б.

Сонымен саяси технологиялар бірізділікпен қолданылатын процедуралардың, нақты саяси субъектінің мақсаттары мен міндеттерін белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде неғұрлым оңтайлы және тиімді түрде жүзеге асыруға бағытталған қызметтің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын қамтиды деуге болады. Осыған орай тұтас алғанда субъектінің билік саласындағы нақты міндеттерді шешуін қамтамасыз ететін саяси технологияларды бір жағынан саяси маркетинг деп те атауға болады [5].

«Маркетинг» термині экономикалық, әлеуметтік және саяси қатынастарды реттеу жөніндегі әр түрлі ұйымдық-техникалық және басқару қызметін белгілеу үшін де пайдаланылады [6]. Бұл – тауар және қызмет көрсету, сұраныс пен ұсынысты зерттеу, жұмыс беруші мен жалданып жұмыс істеушілердің, саяси қайраткерлер мен азаматтардың арасындағы процестерді реттеу деген де сөз. Аталған терминді саясат саласында пайдаланудың заңдылығы мына жағдайға байланысты да келісілуі керек, мәселен АҚШ-та саяси маркетинг ашық түрде тауар сатумен теңдестіріледі. Саяси маркетингі әр түрлі ғылым мен оның салаларындағы мамандарды: саясаткерлерді, психологтарды, әлеуметтанушыларды, экономистерді, программистерді, жарнама кәсіпкерлерін және басқаларды біріктіреді. Саяси маркетинг демократиялық тұрғыдағы саяси режим орныққан шет елдердің барлығында іс жүзінде кеңінен қолданылуда. Саяси маркетинг – саяси партиялардың, саяси лидерлердің өкілетті билік органдарына, депутаттыққа кандидаттардың және басқа да билік құрылымындағы адамдардың сайлаудағы жеңісін қамтамасыз ету мақсатында қолайлы имиджін жасауға бағытталған шаралар комплексін құрайды.

Жалпы саяси технологиялар ықпал етудің белгілі бір алгоритмі ретінде әрекет үстіндегі адамның өзіндік ерекшелігін (оның білімін, тәжірибесін, шындыққа қалай қарайтындығын), оның қызметінде пайдаланылатын материалдық және рухани ресурстарды, сондай-ақ, техникалық компоненттерді қамтамасыз ететін саяси инженерияның формасын қамтиды деуге болады. Осындай себеппен саяси технологиялардың қалыптасуы мен қолданылуы, оларды жүзеге асырудың қарқыны субъектінің біліктілігі мен жауаптылығына, оның іс жүзінде белгілі бір саяси ресурстарды пайдалану білігі мен қабілетіне тікелей байланысты. Әдетте, техникалық немесе кадрлар ресурсы жағын нашар қамтамасыз етілу саяси технологияларды қолданудың тиімділігін төмендетеді.

Саяси технологияларды өзара әрекет етудің жекелеген механизмдерімен, техникасымен немесе әдістерімен шатастыруға болмайды. Саяси технологиялар – бұл нақты әрекет етуші субъектінің белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған техниканы қолданудың процесі болуымен бірге, осы қызметтің нәтижесі де. Ал, егер бұдан да анығырақ айтсақ, саяси технологиялар алға қойылған мақсатқа қол жеткізу бойынша әлденеше рет әрекет ету, мәселені шешудің неғұрлым оңтайлы және экономикалық жағынан тиімді әдістерін алға тартқан кезде пайда болатын қызметтің осы әдістерінің белгілі бір әрекетінің қорытындысы болып табылады.

Яғни саяси технологиялар – нақты мерзімде маңызды саяси және әлеуметтік міндеттерді жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асыру және қажетті саяси-әлеуметтік мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін адамдардың ойлауын, сенімін, көңіл-күйі мен тәртібін өзгерту мақсатында ықпал етудің әдістері мен тәсілдері, техникалары, амалдары мен процедуралар жиынтығын қамтиды.

Осы орайда қазіргі Қазақстан мемлекеттіліктің қалыптасуына, Кеңестер Одағы ыдырағанынан кейін, елді қиын экономикалық дағдарыстан шығаруға және тәуелсіздік алуға, негізгі саяси және экономикалық міндеттерді орындауда қоғамның бірігуіне ықпал еткен саяси технологияларды қолданудың көрнекі мысалы бола алады.

Саяси технологиялар саяси билік пен мемлекеттік басқарудың барлық буынына кеңінен еніп отыр [7]. Осы тұрғыдан алғанда олар саяси билікті қолданудың және мемлекет ресурстарын тиісінше бөлудің конвенционалды (ашық түрдегі) процестерінде де, сондай-ақ конвенционалды емес, заңмен тыйым салынған немесе саяси дәстүрлерге қарама-қайшы келетін әдістер мен

процедураларды пайдалану ұйғарылған процестерде де көрініс беріп отырады. Саяси технологиялар қолданылу орны және уақыты бойынша шектеулі болып келеді. Осы қызметтің белгілі бір жүйесі ретінде қызметтің әдістері мен тәсілдерінің, техникасының нақты үйлесімінде, И. Пригожиннің сөзімен айтқанда, кеңістік-уақыттық жағдайларға қатаң таңылған өзінің «ішкі уақыты» болады.

Алайда, саяси технологияларда әрқашанда да субъектінің творчествосына, импровизациясына, үйреншікті емес іс-қимылдарына жол беріледі. Саяси технологиялар нақты бір субъектінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді рационализациялауға бағытталған, белгілі бір формалдылыққа, институционализмге және нормалық жағынан бекіте түсуге ұмтылады [8]. Ережеге сәйкес, саяси технологиялардың құрылымына неғұрлым маңызды үш элементтің кіретінін айтқан жөн, олар: айрықша технологиялық білім, әрекет етудің нақты тәсілдері, процедуралары және әдістемесі, сондай-ақ, әр түрлі техникалық-ресурстық компоненттер.

Осы элементтердің ішінде айрықша-технологиялық білім жетекші рөлге ие [9]. Бұл рөлдің жетекші болуының сыры мына тұрғыда келісілген, саяси технологиялар өзінің мәні бойынша да билік саласы мен мемлекетті басқаруда пайда болатын проблемаларды іс жүзінде шешудің құралдары мен әдістерін табуға бағытталған шындықты бейнелеудің ерекше формасын іске асыру болып табылады. Бұл мағынада шындықты танудың технологиялық деңгейі ғылыми-қолданбалы білімнің формасын ғана қамтып қоймайды, сонымен бір мезгілде ол саяси проблемаларды шешуді субъектілердің мүдделілігі тұрғысынан бағалауды да білдіреді [10]. Сонымен айрықша технологиялық білім шындықты қарапайым ғана емес, ғылыми танудың әдістерін қамтитын танымдық-проективтік, идеалды-жаңғыртушылық қызмет болып табылады. Бұл айрықша-технологиялық білімде бейнелеудің ғылыми формасында да, жекелей алғанда оның қарапайым әдісіне де тән емес құбылысты бейнелеу мен түсіндірудің жеке өзіндік логикасы болатындығын көрсетеді.

Айрықша-технологиялық білім кез келген оқиғаны қозғалыстың өзіндік жеке логикасын меңгерген шындықтың әлдебір фрагменті, дамудың көзі, өсудің шегі т.б. ретінде қарастырады. Сөйтіп, оқиғаларды кім бейнелейді (технолог, аналитик), осы ситуацияларға байланысты проблеманы шешу үшін нақты мақсаттарды кім белгілейді (тапсырыс беруші), сондай-ақ, міндеттерді шешу сатысында кім әрекет етеді (орындаушы), міне, солардың ұстанымдары негізінде айрықша-технологиялық білімнің мазмұны қалыптасады. Ізінше, олардың қай-қайсысы да технологиялық ақпараттың мазмұны мен формасын өзгертуге икемді [11]. Айрықша технологиялық білімнің субъектісін бұлайша үш есе көбейту оның барлық танымдық стратегиясы диагностика сатысында да, білімді актуалдандыру сатысында да объективті жағдайлар мәліметтері негізінде қалыптасатындығын көрсетеді.

Технологиялық тұрғыдан келген жағдайда кез келген оқиғалардың өзгеруінің құрамын, құрылымын, формасын, сипатын ұғындыруға қол жеткізуге икемді координаттар жүйесін жасау проблемасы бірінші кезекке шығады. Бұл технологиялық мәліметтер базасына тек арнайы сипаттағы тұжырымдамалар мен бағалауларды ғана емес, осы ситуацияны экономикалық, тұрмыстық, экологиялық және басқа да көзқарастар тұрғысынан аша түсетін ақпаратты енгізуді жорамалдауға мүмкіндік береді.

Айрықша-технологиялық білім – бұл саяси жобалауға және саясат субъектісінің практикалық қызметін ұйымдастыруға бағдар ұстау жөніндегі ғылыми-қолданбалы білім болғандықтан, саяси технологиялар үшін негізгі құндылық бірденені істеу, жүзеге асыру жөніндегі ғылым ғана емес, ол әрекетті жүзеге асыру және мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған нақты қабілет, дағды да [12]. Іс-әрекеттің белгілі бір әдістерін, процедураларын, техникасы мен методикасын қолдануда көрініс табатын мұндай нақты дағдылар мен қабілеттер нақты мақсаттарға орай, ең аяғында саясаттың кез келген саласының ерекшелігіне қарай қалыптасып, пайда болады. Мәселен, шешім қабылдау кезінде бұл халықаралық дауларды шешу – яғни жанжалдасушы жақтардың арасында өзара мәмілеге келуді іздестіру, немесе ымыраластырушы құрылымның (арбитраждық) оларға ықпал етуі шеңберінде мемлекеттік саясаттың кез келген мақсаттарын талдап жасап, жүзеге асырғанда екі жақтың да мүдделерін келісу және салыстыру әдістері болып табылуы да мүмкін.

Қызметтің бұл нақты әдістері мен тәсілдері қандай да бір кадрлық құрылымның болуына, әрекет етуші тұлғаның техникалық жаратқандырылуына, саяси технологияларға әсер ететін қайсыбір болмасын, ресурстардың болуына тікелей байланысты [13].

Саяси технологияларды қалыптастырудың субъективтік және аналитикалық деп аталатын екі түрлі әдісінің бар екендігін айтуымыз керек. Оның біріншісі құрастыру негізіне салауатты ойлаудың оңтайлы іс-әрекетін дарытатын субъективтік тұрғыдан келу, субъектінің практикалық тәжірибесі, оның интуициясы, ұнатуы, мәдени стереотипі, оның дүниеге көзқарастарының жеке ерекшелігі мен дағдысы негізінде жасалады.

Саяси технологияларды қалыптастырудың екінші, аналитикалық әдісі мақсатқа жетудің негізгі параметрлері мен шарттарын айқындайтын арнайы аналитикалық әдістер мен процедураларды пайдалануға тікелей байланысты. Саяси технологиялар мемлекетті құрудың және социумды ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлерінде саяси билікті қалыптастыру мен пайдалануды қамтамасыз ететін әр түрлі процестермен бір қатарға қойылатыны сөзсіз. Сөйтіп, саяси технологиялардың универсалды ғана емес, сонымен қатар типтік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етуге болады.

Солардың ішінде ең кең тарағаны – басқару мен биліктегі әр түрлі субъектілердің рөлін рационализациялауды [14] және алгоритмдеуді (мысалы, шешім қабылдау, мүдделерді орайластыру, келіссөздер жүргізу, т.б.) жорамалдайтын саяси технологиялардың функционалды түрлері. Саяси технологиялардың инструменттік әртүрлілігі нақты бір қызметті рационализациялауға бағытталған техниканы қолдануды имитациялайды, ал шын мәнінде, мүлде басқа мақсаттарды көздейді және соны бүркемелеуге тырысады.

Мақсатқа жетудің қайсыбір әдісі болмасын, қолданылатын сала тұрғысынан келсек, аталмыш мына технологиялар (мәселен, электоралдық, компьютерлік және ақпараттық технологиялар, дипломатия және әскери салаларда пайдаланылатын келіссөздер жүргізу қабылдаулары мен процедураларын да және т.б.) жайлы айтуға болады. Саяси технологиялардың ерекшелік қасиетін бағалауға осы тұрғыдан келу неғұрлым көп және аз мөлшерде технологияландырылған (жекелей алғанда, билік органдарына сайлау) биліктің әрекет ету саласын айқындап қана қоймайтыны түсінікті. Бұл тұрғыда мемлекеттік деңгейде шешім жасау процесінде, мәселен, мүдделерді заңға негізделмеген түрде келісу процесі сияқты принципінде ешқандай бір технологияландыруға жатпайтын саяси өзара іс-әрекеттің болуын айтуға болады. Осы тұрғыдан келу әр түрлі техникалық әдістердің түйісу аймағын, саясат пен басқарудың қайсыбір саласында болмасын міндеттерді шешуде олардың бір-бірін алмастырушылық рөлін айқындауға және ымыраласу мен консенсуска келуге [15] көмектеседі.

Саяси технологиялардың аталған түрімен пәндік саланы әлеуметтік ұйымдастыру дәрежесін бейнелейтін деңгейлік технологиялар да байланысты болып келеді. Оларға мыналарды жатқызуға болады: – мәселен, жалпы дүниежүзілік проблемаларды – табиғат қорғау, халықаралық қауіпсіздікті сақтау және т.б. шешумен байланысты ғаламдық технологиялар; мемлекеттің, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен институттардың Орталық Азиядағы, Таяу Шығыстағы, Латын Америкасындағы, Еуропадағы немесе әлдебір басқа аймақтағы проблемаларды шешу жөніндегі іс-әрекетін ашатын континенталды-аймақтық технологиялар; бір елдің шеңберінде билік пен мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру процесін ашатын ұлттық-мемлекеттік технологиялар; жеке ұйымдар шеңберінде биліктік-басқару қатынастарын бейнелейтін корпоративтік технологиялар; саяси кеңістіктің шектелуі нүктесіндегі субъектінің қарым-қатынасы қызметінің ерекшелігін белгілейтін локалдық технологиялар; сондай-ақ биліктік қарым-қатынас пен мемлекетті басқару саласындағы саяси қайраткерлердің өзара қатынасын сипаттайтын жеке тұлғалар арасындағы технологиялар.

Қызметтің белгілі бір әдістерін пайдаланудың жалғастығы сипаты тұрғысынан қарасақ, сондай-ақ мына технологияларды бөліп қарастыруға тура келеді: акторлар қызметінің әріректегі нәтижесіне сүйенілетін стратегиялық; қысқа мерзімдік мақсаттарды жүзеге асыруды жорамалдайтын тактикалық; бір мезгілде қолданылатын спорадикалық және субъектінің қызметінің құрылымында үнемі жанарып отыратын циклдік технологиялар.

Саяси технологиялар қызметтің бір типті міндеттерді шешу кезінде пайда болатын алгоритмдерін қолдануға икемді субъектінің өрісін кеңейтуге бағытталғандығын ескере отырып, тираждық және бірегей технологиялар түрлерін бөліп көрсетуге болады [16]. Тираждық саяси технологиялар осыған ұқсас жағдайларды барлық жерде бірдей қолдануға есептелген. Бірегей саяси технологиялар белгілі бір қатаң түрде белгіленген жағдайларда ғана қолданылатын іс-әрекетті қамтиды. Тираждық саяси технологиялар оларды іске асыратын жеке адамның ісіне көп тәуелді емес,

сондықтан бір типті қызметті жүзеге асыру кезінде уақыт пен материалдық ресурстарды мейлінше үнемдей алады. Ал, бірегей саяси технологиялардың қайсыбірі болмасын, мақсаттарды жүзеге асыруды бір рет қана қамтамасыз ете алады. Ережеге сәйкес олар едәуір қымбатқа түседі және оны типті ұқсас жағдайға ауыстыруға талпынғанмен де, ол іс жүзінде өзінің тиімділігін жоғалтады.

Айталық, жекелеген «дипломатиялық» технологиялар халықаралық келіссөздерді жүргізу процесінде әлденеше рет пайдаланылуы мүмкін. Ал, сайлау науқандаының неғұрлым маңызды әдістері мен техникасына шектеу қойылмай-ақ, ол қай елде өткізіліп отырғанына және әлеуметтік ұйымдардың деңгейіне (федералдық немесе жергілікті) немесе сайлаудың өткізілетін уақытына қарамастан, әр түрлі деңгейдегі сайлауда қолданыла береді [17]. Сонымен бірге, әлдебір ұлтаралық қайшылықтарды реттеу кезінде екі жақтың да жанжалдың себептері, сылтаулары, уақыттың өтуі және басқа да өлшемдері сияқты өзіндік ерекшелігі бар жәйттерді ескеруі нәтижесінде белгілі бір жерде және белгілі уақытта тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады.

Динамикалық тұрғысынан келсек, саяси субъектілердің қасиеті мен мүмкіндіктері қатаң және жайлы технологиялар түрлері [18] деп бөлуге мүмкіндік береді. Қатаң саяси технологиялар субъектілер қолданатын қызмет әдістері мен тәсілдерінің негізгі параметрлері нақты болуын және оның өзгеріссіз қалуын жорамалдайды. Мұндай технологиялар ведомстволар мен билік институты арасындағы мүдделерді – мәселен, үкімет бағдарламаларында иерархтық тәртіпті сақтау, құжаттарға виза беру т.б. келісудің құқықтық және процедуралық тәртібін үнемі қамтамасыз етіп отырады.

Ал, жайлы болып саналатын саяси технологиялар өзгеріп отыратын жағдайларға сәйкес субъектінің қарауындағы мақсаттар мен құралдардың икемді түрде бейімделуін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдерді алға тартады [19]. Іс-әрекет алгоритмін ситуативті өзгертетін өздігінен реттеуші бұл технологиялар ең аяғында қайсыбір салада болмасын, мақсатқа жету процесін жетілдіруге қажетті тәжірибені байытып, кеңейте түседі.

Саяси қызмет регламентациясының дәрежесі және сипаты тұрғысынан келсек, нормативтік және девианттық технологиялар түрлері де кездеседі. Нормативтік саяси технологиялар – бұл қоғамда (ұйымда) кездесетін заңдарға, нормаларға, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға сүйеніп жасалған қызмет әдістері мен тәсілдері болып табылады.

Девианттық саяси технологияларға заңдардан, нормалардан, дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан ауытқитын қызмет әдістері мен тәсілдері жатады [20]. Олардың қатарына, мысалы, «сұрша», «қара» деп аталатын саяси технологиялардың тұтас бір спектрі кіреді: өзінің саяси қарсыласының абыройын төгуді ойластыру, бопса жасау, жалған ақпарат тарату, өсек-аяң және т.б. әдістер осыны көрсетеді. Практика көрсетіп отырғанындай, саяси

процестердің қиын кезеңдерінде, нақты айтқанда, жоғарғы мемлекеттік билік органдарына сайлау кезінде, сыртқы және ішкі саяси дағдарыстар шиеленіскен тұста, осындай саяси технологиялардың белең алуы ашық көрініс береді.

Биліктік-саяси және мемлекеттік-әкімшілік мақсаттарға жетудің нормативтік және девианттық технологиялар түрлеріне өте жақын тұрған айқын және көлеңкелі технологиялар әдістері жайында да айта кеткен жөн. Айқын саяси технологиялар биліктің жария сипатын білдіреді және биліктің жұртшылықпен диалогының әр түрлі формасында көрініс табады. Билік пен басқарудың көлеңкелі саяси технологиясы жұртшылықты сырт айналып өтетін құралдар мен ресурстар арқылы билік құрылымдарын манипуляция жасаудың әр түрлі формасында жүзеге асырылады [21]. Бұл заңмен белгіленген процедуралар шеңберінен тыс шешім қабылдау әдістері ретінде көрініс береді.

Тақырып соңында былайша қорытынды жасауға болады: қоғамның қалыпты жұмыс істеуіне, тұрақтылығына қол жеткізу және оны қамтамасыз ету үшін саяси технологияларды саяси қызметтің барлық субъектілеріне тиімді пайдалану өте маңызды. Саяси технологиялар мақсатқа қол жеткізу процесінде нақты мақсатқа жетудің белгілі бір тәсілдері мен құралдарын өз ретімен қолдану қажеттігін белгілейтін операциялардың бір ізділігі қалыптасып, орныққан кезде іске асырылады. Осыған байланысты мына бір жағдайды атап көрсету керек: табиғатта абстрактылы өмірдің барлық жағдайына жарамды саяси технологиялар жоқ. Олардың әрқайсысы, бір жағынан, мейлінше нақты және бірегей, өйткені олар аса нақты мәселелерді шешу үшін әр түрлі саяси күштер мен құрылымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді көздейді. Екінші жағынан, әрбір

технология өзінің мазмұны, түрі мен сипаты жағынан сан қырлы, жүзеге асыру жағдайы, орындаушылардың құрамы, саяси қызмет түрі және проблеманы шешу жөнінен көп аспектілі. Түптеп келгенде, саяси технологиялар саяси өзгерістердің нендей бір саласына бақылау жасау мен басқару тұрғысынан субъектілердің мүмкіндігін кеңейтеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Политический процесс и эволюция политических институтов в XX веке. – Пермь: Университет, 2005; Мировые процессы, политические конфликты и безопасность. – Москва: Прогресс, 2007.
- [2] Яковлев И.Г. Информационно-аналитические технологии и политическое консультирование // Полис. – 1998. – № 2. – С. 130-131.
- [3] Подшивалкина В.И. Социальные технологии: Проблемы методологии и практики. – Кишинев: КТУ, 1997. – С. 40-43.
- [4] Соціологічна енциклопедія. – Київ: Академвидав, 2008. – С. 293.
- [5] Әбсаттаров Р.Б. Саяси маркетинг: теориялық талдау // ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. – Алматы, 2011. – № 2. – 87-89 бб.
- [6] Иванов А.И. Основные направления маркетинга. – Москва: Юнити, 2003. – С. 18.
- [7] Политическая социология. – Москва: Юрайт, 2012. – С. 497-499.
- [8] Василенко И.А. Политические переговоры. – Москва: ИНФРА, 2011.
- [9] Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans.-Berlin: Verlag Dr. Köster, 2013.-S.36-40.
- [10] Новейший социологический словарь. – Минск: Книжный дом, 2010. – С. 1122.
- [11] Махмудов И.С. Наука и техника. – Казань: Университет, 2014. – С. 105.
- [12] Большая актуальная политическая энциклопедия. – Москва: ЭКСМО, 2009. – С. 241-242.
- [13] Алексеев Л.П. Общество и наука. – Санкт-Петербург: Изд. Михайлова, 2013. – С. 97.
- [14] Черных А.И. Власть и политика в эпоху медиадемократии. – Москва: Норма, 2010. – С. 15-16.
- [15] Әбсаттаров Р.Б. Саяси жанжалдарды басқару және бақылау технологияларының ерекшеліктері: жүйелілік талдау // Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2014. – № 3. – 9 б.
- [16] Белоусов М.Г. Технологии связи с общественностью. – Москва: Юнити, 2011. – С. 32.
- [17] Янбухтен Э.Х. Технологии успешной избирательной компании. – Москва: Книжный мир, 2008.
- [18] Панкова Л.Н. Современный политический анализ и политические технологии. – Москва: Юрайт, 2005. – С. 151-153.
- [19] Большая актуальная политическая энциклопедия. – Москва: ЭКСМО, 2009. – С. 243.
- [20] Поченцов Г.Г. Информационно-политические технологии. – Москва: Аспект Пресс, 2003. – С. 157.
- [21] Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қарасай, 2012. – 284-291 бб.

REFERENCES

- [1] *Political process and the evolution of political institutions in the XX century.*-Perm: University, 2005; World processes, political conflicts and security. - Moscow: Progress, 2007. (in Russ.).
- [2] Yakovlev I.G. *Information-Analytical Technologies and Political Consulting*. Polis. -1998, №2.- P. 130-131. (in Russ.).
- [3] Podshivalkina V.I. *Social technologies: problems of methodology and practice.*-Chisinau: KTU, 1997.- P. 40-43. (in Russ.).
- [4] *Sociological Encyclopedia*. - Kiev: Akademvidav, 2008.- P. 293. (in Ukr.).
- [5] Absattarov R.B. *Political marketing: theoretical analysis*. Bulletin of the National Pedagogical University. Series of Sociology and political science.- Almaty, 2011, №2.- P. 87-89. (in Kaz.).
- [6] Ivanov A.I. *The main directions of marketing*. - Moscow: Unity, 2003. -18 p. (in Russ.).
- [7] *Political sociology.*- Moscow: Yurait, 2012.- P. 497-499. (in Russ.).
- [8] Vasilenko I.A. *The political negotiations*. - Moscow: INFRA 2011. (in Russ.).
- [9] Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans.- Berlin: Verlag Dr. Köster, 2013. - P. 36-40. (in Ger.).
- [10] *The newest sociological dictionary*. -Minsk: Book House, 2010. – P. 1122. (in Russ.).
- [11] Mahmudov S.I. *Science and technology*.-Kazan: Kazan University Press, 2014.- P. 105. (in Russ.).
- [12] *Big actual political encyclopedia*. - Moscow: EKMO, 2009. – P. 241-242. (in Russ.).
- [13] Alekseev L.P. *Society and science*. - St. Petersburg: Publisher Mikhailova, 2013.- P. 97. (in Russ.).
- [14] Chernykh A.I. *Power and Politics in the Era of mediademocracy*. - Moscow: Norma, 2010. - P. 15-16. (in Russ.).
- [15] Absattarov R.B. *Technology features of the political conflict management and control: systematic analysis*. News of the National Academy of Sciences of Republic Kazakhstan. Series of social and human sciences.-2014, №3.- P. 9. (in Kaz.).
- [16] Belousov M.G. *Technologies of public relations*. -Moscow: Unity, 2011. - P. 32. (in Russ.).
- [17] Yanbukhtin E.H. *Technologies of successful election campaign*. - Moscow: Book World, 2008. (in Russ.).
- [18] Pankova L.N. *Modern political analysis and political technologies*. - Moscow: Yurait, 2005.- P. 151-153. (in Russ.).
- [19] *Big actual political encyclopedia*. – Moscow: EKMO, 2009. – P. 243. (in Russ.).
- [20] Pochentsov G.G. *Information- technology policy*. - Moscow: Aspect Press, 2003. - P. 157. (in Russ.).
- [21] Absattarov R.B. *Fundamentals of of Political Science*. in 2 volumes. 2-vol. Almaty: Karasai, 2012. - P. 284-291. (in Kaz.).

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ: СУЩНОСТЬ И ТИПЫ**Р. Б. Абсаттаров**

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: политика, технология, сущность, тип, метод, прием.

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы современных политических технологий через их сущности и типы. Как известно, сам термин «политические технологии» широко стал использоваться в политологии и смежных с ней научных направлениях в конце XX века и в начале XXI века, то есть в условиях трансформации современного общества. Он включает в себе совокупность методов, способов, техник, процедур, приемов воздействия на людей с целью изменить их мышление, убеждения, настроение и поведение, чтобы системно и целенаправленно осуществить в конкретные сроки решение важных политических и социальных задач и достичь необходимых политико-социальных целей и результатов.

Современный Казахстан в этом отношении может служить наглядным примером применения политических технологий, что способствовало становлению государственности, выводу страны из тяжелой экономической депрессии после развала Советского Союза и обретения независимости, консолидации общества в решении главных политических и экономических задач.

В статье раскрывается сущность политических технологий через выявление и использование потенциала «человеческого ресурса» в соответствии с целями и смыслом человеческого существования и посредством совокупности методов, процедур, операций, приемов воздействия всех современных возможностей творческой деятельности как субъектов управления, так и политических институтов, а также как развивающееся в пространстве и времени взаимодействие между субъектом и объектом управления. При этом особое внимание уделено анализу типов политических технологий в контексте политических процессов. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Поступила 22.05.2015 г.

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

bulletin-science.kz

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. А. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 28.05.2015.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

17,7 п.л. Тираж 2000. Заказ 3.